

Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстарды өткізу туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № LV-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 4733 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормасы, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары айқындалсын.

2. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 26 сәуірдегі № II-7 "Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3504 тіркелген, 2016 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылқоға аудандық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер, гендерлік саясат, жастар мәселесі және үкіметтік емес ұйымдармен байланыс жөніндегі тұрақты комиссиясына (Сәрсенғалиева С.) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы реңми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың LV сессия
тәрагасының міндетін аткарушы,
аудандық мәслихат хатшысы

Т. Бейскали

Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020
жылғы 10 қыркүйегі № LV-2 шешіміне
қосымша

Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары

1. Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және олардың шекті толу нормалары:

№ р/c	Арнайы орындар	Арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету	Шекті толу нормасы
1	Жастар паркі	1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктесі; 3) 40 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу);	200 адамнан астам емес

2. Қызылқоға ауданы әкімдігінің өкілі хабарламаны (пicketтеу, жиналыс және митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) немесе өтінішті (демонстрация және шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) он қараган кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен бірлесіп, іс-шараны өткізу тәртібін келісу үшін бір күн ішінде арнайы өткізу орнына келесідей сұраптармен барады:

1) бейбіт жиналыстарды өткізу орнының материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуімен танысу;

2) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

3. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

4. Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 150 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын.